

Қош келдіңіздер

құрметті семинарға қатысушылар !!!



Психологиялық тренинг

- ***Тақырыбы: "Мен ғажайыппын«***
- ***Мақсаты: Педагогтардың эмоцияналды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.***

- **Қатысушылар:** мұғалімдер
- **Жұмыс түрі:** топтық жұмыс
- **Көрнекілік құралдар:** доп , фламастерлер , түрлі – түсті қаламдар, А 4 қағаздар,карточкаға арналған қағаз.

- **Эпиграф: "Біз қартайғандықтан ойын ойнауды тоқтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан қартаямыз."**

Бернард шоу

Жоспар:

- **Танысу**
- 1.Жаттығу
- 2.Мен ғажайыппын (Мұғалімдердің әр түрлі көзқарасын анықтау)
- 3.Оқушы көзімен
- 4.Арт-терапиялық жаттығу."Кезекпен сурет"
- 5. Сенімді құлау
- 6. Комиссиондық дүкен
- 7. Жаттығу "Комплимент"
- 8.Жүргізілген жұмысты қорытындылау.

- **Жүргізуші:**Саламатсыздар ма қымбатты ұстаздар! Біздің көбіміз яғни барлығымыз биікте ғажайып болғымыз келеді. Ал енді осы "ғажайып" дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы ғажайып сөзінің педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз "Ғажайып" сөзіне ұқсас бір-бір сөзден сөз айтып көрейік. Қатысушылар, мысалы мына сөздерді айтуы мүмкін:идеал, үлгі, нәзікке ұқсас,бір бағыттағы, ескерткіш, сондай бір өте жақсы, т.б.

- **Жүргізуші:** Ожеговтың сөздігінде «ғажайып» сөзіне анықтама бар - бұл "барлық жақсы қасиеттердің қамтылған, ең жоғарғы дәрежедегі қасиет". Енді осы қасиетті өз бойымыздан іздеп көрелік,ғажайып болмаса да, бойымызда таң қаларлық мінез болуы мүмкін.Жұмысымызды бастамас бұрын, танысып алайық, әрбір қатысушы өз атын айта отырып, бойындағы жақсы қасиетін айта кетеді. Келесі қатысушы алдыңғы қатысушының атын, жақсы мінезін айта кетеді.

- Келесі жұмысымызға көшелік. Бірінші бөлім бойынша біз қандай ғажайып не екенін айқындауға тырыстық. Тақырыбымызды одан әрі ашу үшін, балалардың көзімен, яғни оқушы көзімен ғажайып деген ұғымды түсінуге тырысып көреміз. Екі топ қатысушылары: бірінші топ - бастауыш оқушылары, екінші топ - жоғары класс оқушылары. Жайлы, жақсы отырып алыңыздар, екі қолдарыңызды тізеге қойып, орындыққа арқаларыңызды тигізіп орнықты отырып, көз алдыңызға бастауыш және жоғары класс мұғалімдерінің қандай болатындығын елестетіңіздер. Енді әр бір топ өзара келісіп, шешімге келіп мұғалімнің төрт жақсы қасиетін қағазға жазып орталарыңыздан біреу шығып қорғап шықсын

- **Қорытынды:** "бастауыш оқушылары" тобының пікірі : мұғалім мейірімді, әдемі, көңілді, шыншыл болу керек.
- "жоғары класс оқушылары" тобының пікірі: өз мамандығының кәсіби шебері, ұйымшыл, қатаң, қазіргі талапқа сай болу керек.
- **Жүргізуші:** Ал енді сіздер үлкен адам кейпіне еніп, тәжірибелі ұстаз болуға тырысыңыз. Екі топ бірігіп, мұғалімдерге берген оқушылардың сапаларын талқылап ашып көрелік. Тақтаға жазамыз. Біздің мысалда болған төрт сапа шыншыл, қатаң, кәсіби шебер, ұйымшыл, осы сапалар біздің бойымыздан табылады деп ойлаймыз.
- Енді келесі жұмысымызға көшелік ол - арттерапиялық жаттығу "Шеңбер бойынша сурет». Біз қазір ақылдаспай біртіндеп шығып мұғалімнің суретін саламыз.
- **Сурет бойынша қорытынды:** идеялды мұғалімнің суретін саламын деп кім пайда болды... «әрдайым көріп жүрген мұғалімнің бейнесі». В.Вишневскийдің афоризмін еске түсіретін болсақ. "Мені ғажайыпқа дейін жеткізбе!" дегендей, «ғажайыптылық» өзіміздің жүрегімізде болады.

- **«Сенімді құлау»** - Үлкен шеңбер құрып тұрады. Бір адам шеңбер ортасында тұрады. Ол шеңбердегі бір адамға қарай (босаңсып, көзін жұмып) құлауы қажет. Әркім құлай білу, қағып ала білу керек.
- **«Комиссиондық дүкен»** - Бұл ойында дүкендегі зат : адами сапа, адамгершілік, жанашырлық, ессіздік, ашықтық, қатысушылар жақсы ж/е жаман өз мінез ерекшеліктерін карточкаға жазады. Дүкенші қабылдайды, сосын сауда басталады, керегін алып, керек емсесінен арылады.
- Біздің кездесуіміз таяп келе жатқан секілді. Бүгінгі шыққан нәтиже жемісіне оралатын болсақ педагогтардың мықты жақтарын тағы да бір еске түсіре отырып, бір-бірімізге
- **"Комплимент"** айтайық.
- **Жүргізуші:** Кездесуіміз аяқталды. Егер тақырыпқа келетін болсақ, "ғажайып" деген түсінік бір нәрсенің біткенін, болғанын білдіреді. Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз сіздермен әрдайым қозғалыстамыз. Кез келген мақсатқа жеткенде біздің алдымыздан жаңалықтар ашылады, жаңалықтың шеті жоқ.

Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

